

ОҢТҮСТІК

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ КАПАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

июнь Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

Жемшөп қорын мейлінше мол дайындау жөніндегі алда тұрған міндетті ойдағыдай орындап, Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің игілікті бастамасына іспен жауап берейік!

Оңтүстік Қазақстан облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, машина-трактор станциялары мен машина-малшаруашылық станциялары, совхоздары қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының Қазақ ССР ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілеріне

Үндеуіне

шабатын машиналардың еуіне жетісумен бірге, бригадасын да ұйым-д жұмыс тапсырмаларындауын қамтамасыз ейбір колхоздарда шапмеленбей, маялабай, не, ақыры бүлінуіне алғы жылы мұндай кем бауға тиіс. Шабылған салынуға, сөйтін, шөп жұмыстарының арасын ауына баса назар аударық жемшөп қорын жетуде машина-тракторға күрделі міндеттер үл жұмыста колхоздары көрсетуге, шөп шабу-орлардың өнімді жұмыс жетуге, шөп шабу-ордың техникалық себеп-уын болдырмау үшін йлар бөліп, олардың акторшыларға қажетті көрсетуін тыңғылық-міндетті.

Пар—мол өнім негізі Еңбек өнімділігі артуда

Пар жыртуды деркезінде бастаған шаруашылықтардың бірі — Ленин атындағы колхоз (Совет ауданы). Мұның үстіне мұнда пар жыртуға қолда бар күш-мүмкіншіліктер түгел жұмылдырылды. Осының арқасында пар жырту барлық бригадалар бойынша күндіз-түні бірдей жүргізілді. Осының барлығы пар жырту жөніндегі күндік және бескүндік графиктің ұдайы орындалып отыруына қолайлы жағдай тудызды.

Пар жыртуда осы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін № 3 трактор бригадасының тракторшылары үздік табыстарға жетуде. Мәселен, тракторшы О. Вагнер жолдар «С—80» тракторымен бір сменада 12 гектар орнына, 15—16 гектардан жер жырттып жүр. Осы сыяқты, тракторшы С. Даниловский жолдас та пар жыртуда өнімді еңбек етіп жүрген механизаторлардың бірі. Ол да науқан басталғаннан бері күндік норманы толық орындап келеді.

Пар жырту жұмысы сапалы жүргізілуде. Бұл жөнінде колхозға агрономдар зор көмек көрсетіп жүр.

Қ. ӘБДІКАЛЫҚОВ.

Екі сменада жұмыс

Оңтүстік Қазақстан облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, машина-трактор станциялары мен машина-малшаруашылық станциялары, совхоздары қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының Қазақ ССР ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілеріне

Ү Н Д Е У І

Қымбаты жолдастар!

Совет Одағының халықтары Ленин—Сталин партиясының басшылығымен, Сталин жолдасың жетекшілігімен еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетуде жаңа табыстарға жетті.

Советтік Қазақстанның еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге коммунизм орнатудың сталиндік ұлы программасын жүзеге асыру жолында зор ынта-жігермен күресуде.

Табиғатты өзгертудің ұлы жоспарлары жүзеге асырылуда, социалистік ауыл шаруашылығы қызу қарқынмен өркендеп, нығаяуда, мал шаруашылығы тез қарқынмен өркендеуде, оның өнімділігі артуда.

Оңтүстік Қазақстан облысының колхозшылары, колхозшы әйелдері, МТС, машина-малшаруашылық станциясы, совхоз қызметкерлері Қазақ ССР-нің мал шаруашылығын бұдан былай да өркендету және Қазақстан Коммунист (большевиктер) партиясы V съезінің қарарларын жүзеге асыру жолында күресе отырып, дәнді дақылдар, біржылдық шөптер, жемшөптік тамырлы егістер, сүрленетін дақылдар егудің жоспарын, шабындықтар мен жайылымдарды көлдете суару жоспарын көзіндік өзінде-ақ орындады.

20—25 центнерге дейін, сай-салалардың шөп шығымдылығын 10—12 центнерге дейін арттырамыз.

5. Көпжылдық шөптердің тұқымдықтарын жетуді жақсартымыз және шөптер тұқымының шығымдылығы жоспарын кемінде 50 процент асыра орындауды қамтамасыз етеміз.

6. МТС-тер мен машина-малшаруашылық станциялары үшін белгіленген шөп шабу және жемшөп сүрлеу жоспарын екі есе асыра орындаймыз, пішенді толық маялаймыз, мұны үшін қолда бар өздігінен жүретін және трактор пішен машиналарын, тырмаларды, сүйретпелерді, шошақ салғыштарды жұмысқа қосамыз. Барлық колхоздарда пішенді трактормен маялау үшін ең қарапайым блокті сүйретпелер жасауды ұйымдастырамыз, жемшөп дайындаудың бүкіл маусымында шөп жыйнау машиналарының бәрі жұмысты тоқтаусыз істеуін қамтамасыз етеміз, пішенші отрядтарды сағаттық график бойынша жұмыс істеуге көшірудің шараларын істейміз, пішенші отрядтарды уақытылы қамтуды ұйымдастырамыз, мұның үшін кемінде 1—2 көшпелі автомобиль мастер-койын бөлеміз, пішенші отрядтар мен агрегаттарда диспетчерлік жұмысты ұйымдастырамыз.

Пішенді баулау жоспарын 120 процент орындаймыз.

маларын түгел қосуды, олардың өркансы-
ының өнімді жұмыс істеуіне жетісуді
ғалап етті. Әрбір шөп машинасының
-німді жұмыс істеуіне жетісу үшін олар-
ға біркүндік және бескүндік жұмыс нор-
маларын тағайындап, оның мүлтіксіз
орындалуын қадағалап отыру, колхоз бас-
қармалары мен МТС, совхоз директорла-
ры өз тараптарынан машинашылардың
лапсырманы толық және асыра орында-
уына қажетті жағдай жасауы қажет.

Сол сыяқты, пішеншілердің озат еңбек
әдісін кеңінен қолдануына жетісу керек.
Бұл — колхоз, совхоздар мен МТС-тердің
басшылары шөп шабушы отрядтардың са-
ғаттық графикпен жұмыс істеуге көшуі-
не шаралар қолдануы керек деген сөз.

Көп балалы аналарды ордендермен және медальдармен наградтау

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы жуырда ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августағы Указына сәйкес ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының атынан көп балалы аналарды «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалі» медальдарымен наградтады.

9 бала тауып, тәрбиелеп өсірген ана-
тардан бірінші дәрежелі «Ана даңқы»
орденімен біздің облысымыздан барлығы
8 ана наградталды. Олардың ішінде Пет-
ропавлда тұратын үй шаруасындағы әйел
Дарья Ивановна Букрева, Булаев аудан-
ындағы Возвышен селолық Советінде
тұратын үй шаруасындағы әйел Регина
Фердинандовна Валл, Ленин ауданындағы
«Мир» колхозының мүшесі Елизавета
Петровна Гүш, Преснов ауданындағы
«Победа» колхозының мүшесі Варвара

күрделі міндеттердің ойдағыдай орында-
луын қамтамасыз етуге болады.

Әрбір колхоз, совхозда және әрбір фер-
мада жемшөп қорын мейлінше мол дайындау — бүгін таңда алда тұрған аса маңызды міндет. Өйткені, қоғамдық мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру міндетін орындау негізінен осыған байланысты.

Жемшөп қорын мейлінше мол дайындау жөніндегі алда тұрған міндетті ойдағыдай орындап, Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің игілікті бастамасына іспен жауап берейік!

Мих-йловна Кунцица және басқалары бар.

8 бала тауып, тәрбиелеп өсірген, Петропавл қаласында тұратын үй шаруасындағы әйел Клавдия Дмитриевна Андреева, Соколов ауданы, Сталин атындағы колхоздың мүшесі Прасковья Денисовна Волченко, Октябрь ауданы, Сталин атындағы колхоздың мүшесі Анастасия Абрамовна Рубцова және басқалары — барлығы онбір ана екінші дәрежелі «Ана даңқы» орденімен, 7 бала тауып, тәрбиелеп өсірген 23 ана үшінші дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды.

6 бала тауып, тәрбиелеп өсірген 49 ана бірінші дәрежелі «Ана медалі» медалімен, 5 бала тауып, тәрбиелеп өсірген 87 ана екінші дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталды.

АСПИРАНТУРАЛАРҒА ТҮСУШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

СРО Жоғарғы білім Министрлігі 4 июльде 1952 жылы аспиранттарды оқығып шығару және аспирантураға түсушілерді қабылдау туралы бұйрық шығарды.

Еліміздің жоғары оқу орындары жыл аяғына дейін аспирантура бітірген 2200

жас ғылым қызметкерлерін даярлайды. Сонымен бірге жоғары оқу орындары тағы да аспиранттар қабылдауға әзірленуде. Жоғары оқу орындары быйыл 3 мың 45 аспирант қабылдайды.

(СОТА).

дары жылдың егісі үшін жер дайындау жұмыстарын алғашқы күннен бастап, зор ұйымшылдықпен жүргізді. Бұған тракторлар толығына қосылды. Совхоз дирекциясы механизаторлардың өнімді еңбек етуіне қажетті жағдайлардың бәрін жасады. Жер жырту жұмысы сағаттық график бойынша, екі сменада атқарылды. Осының арқасында совхоз пар жырту жоспарын ең қолайлы мерзімде, агротехникалық шараларға сәйкес сапалы етіп аяқтады.

Пар жыртуда совхоздың алдыңғы қатарлы тракторшылары стахановтық еңбектің тамаша үлгілерін көрсете білді. Тракторшы Николай Данильченко жолдас нормала бойынша күніне 9 гектар пар жыртудың орнына, 15—16 гектардан пар жыртуға жетісті.

Б. ҚАСЫМЖАНОВ

Тоқшындықтар пар жырту жоспарын орындады

Тоқшы совхозында пар жыртуда барлық тракторшылар жұмысты сағаттық график бойынша істеді. Осының нәтижесінде мұнда пар жырту жоспары қысқа мерзім ішінде толық орындалды.

Пар жыртуда алдыңғы қатарлы тракторшылар үздік табыстарға жетті. Бүкіл науқан бойынша тракторшы Яковенко жолдас «ДТ—54» тракторымен бір сменада 7 гектар орнына, 10—11 гектар жер жұмыстап, күндік норманы ұдайы артығымен орындауға жетісті. Осы сыяқты, жас тракторшы Рабдуллин де «НАТИ» тракторымен смена сайын 7 гектар орнына, 10 гектар жер жыртты. Мұнымен бірге, Велижанский жолдас та өз тракторын жоғары техникалық күтімде ұстау және оны үздіксіз жұмысқа қосу нәтижесінде күндік норманы дәлме-дәл орындап отырды.

Тракторшылар көп жанар, жағар майын үнемдеп, ол маймен жұмыс істеді. Совхозда пар жырту жоспары орындалысымен іле-шала пар жыртылған жерлерді күту басталды.

барлық шараларын істейміз. Отарлап бағылатын малды сол жерлерде шөп дайындау есебінен де, бақтоқтерден пішен тасу есебінен де керекті пішеннің 150 проценті мөлшерінде сақтық қорымен қамтамасыз. Пішенді отарлап мал бағатын учасқтерге тасу және жұмысын ең әрі кеткенде быйылғы жылғы 1 сентябрь аяқтаймыз.

3. Әрбір колхоз бен совхозда сүрленетін шөптеу дау жоспарын екі есе асыра орындаймыз. Шөпті етуге салуды ең әрі кеткенде осы жылғы 10 июльде, деуге салуды — 20 августқа аяқтаймыз.

4. Жемшөптік дақылдарды өте қолайлы агротехникалық жағынан жоғары мерзімдерде және агротехникалық жағынан жоғары күтуді және суаруды қамтамасыз етеміз, көпжылдықтардың шығымдылығын гектарына 60 центнерге дейін, жылдық шөптердің шығымдылығын гектарына 35 дейін, сүрленетін дақылдардың және жемшөптік тамашылардың шығымдылығын гектарына 200 центнерге арттырамыз.

Көлдете суару, шабындықтарды өңдеу есебінен табиғи шабындықтардан шөп шығымдылығын

Қазақстан К

Оңтүстік Қазақстан облысы малшаруашылық станциясы ауылшаруашылық

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті жемшөп қаулы етті: үндеуі м

1. Оңтүстік Қазақстан облысы колхозшыларының, МТС, машина-малшаруашылық станциясы, совхоз қызметкерлерінің және ауылшаруашылық мамандарының республика ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлеріне шөп шабу науқанын мерзімінде өткізуге, быйылғы колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығының біржарым жылдық қызметке

ЖЕМШӨП СҮР

Алматы облысының Алматы және Еңбекшіқазақ аудандарының ауылшаруашылық артельдері жабайы өсетін шөптерді сүрлей бастады. Алғаш рет ондаған тонна шөп сүрленді. Быйыл облыста 90 мың тоннадан аса шөп сүрленеді, бұл — өткен жылғыдан толығымен МТС-тер станциялары Қастек М

М Ы С Ы

арының жұмысы
де болсын

ылуын ба-
ның секре-
сыйналыста
туы жөнін-
скаша қа-
да тұ-
тансырма-
ар партия

ұйымында
ның өмір-
мелер және
йді.

әрбиіе жү-
ізу арқылы
сында ең-
сәне жұмыс
қамтамасыз

ық меке-
ің жұмыс
дерезінде
дай ұйым-
ктерді жою
мен бірле-
шаралардың
ы.

тауыш пар-
да елеулі
дейін орын
авл совхоз-

ұйымының
да (секре-
1 — 1952

ет жұмыс
сыяқты,
оқта- текте
зіле салуын
зы мен ро-
кана түсіну

Партия ұйымы өзінің жыйналыста-
рында қабылданған қарарлардың орын-
далуын бақылап отыруды мүлдем есінен
шығарған десе де болады. Осылай өз жү-
мысын мейлінше төмен дәрежеде жүргізу
салдарынан совхоздар тресінің партия
ұйымы мекеменің жұмысын жақсартуға
өз тарапынан ешбір ықпал жасай алмай
отыр.

Аталған партия ұйымының ішкі жұ-
мыстары да өте- мөте нашар жүргізіледі.
Есен кітапшасына ұйымдағы коммунист-
тер түрел жазылмаған. Осының салдары-
нан бұл ұйымнан екі коммунист партия-
лық есептен шықпастан басқа жаққа
кетіп қалған.

Жалғыз бұл емес, қалалық финан-
с бөлімі, облыстық мал дайындау мекемесі
жанындағы бастауыш партия ұйымдары-
ның жұмысында да осындай кемшіліктер
орын алып келеді. Оларда да партия
жыйналысының протоколын дұрыстап
жазу ісіне мән берілмейді. Қабылданған
қарардың көптеген пункттері мекеме ап-
паратының жұмысын жақсарту ісіне пай-
дасы шамалы жалаң сөз болып шығады.
Әрине, ондай қарарлардың орындалуын
талап ету де қиын. Өйткені, олар ме-
кеменің негізгі жұмысына сай болмай-
ды.

Мәселен, облыстық мал дайындау ме-
кемесінің бастауыш партия ұйымы
(секретары Мезенцева жолдас) аппарат-
тың жұмысын жақсартуға көмектесудің
орнына, шаруашылық жұмыстарға қол
сұғады. Партия ұйымының жыйналы-
сында қабылданған қарарлар көбінесе
мекеме басшысының бұйрықтарына үк-
сайды. Партия ұйымы біржылдық шөп-
тер ету, мал азығын дайындау, құрылыс

Цирктегі алғашқы
ойындар

Цирк искусствосы — күш пен ептіліктің,
танқырлық пен шеберліктің, адамың өз
денесін еркін билей білуінің искусствосы
болып есептеледі. Сондықтан совет
адамдары цирк искусствосын жақсы баға-
лайды. Петропавлдықтар цирктің жаңғы
маусымының ашылуын үлкен қуанышпен
қарсы алды. Өйткені, мұнда барлық жағ-
дайдың болуына қарамастан көптеп
бері Петропавлда цирк ойыны көрсеті-
лмей келді. Көзір қаламызда Москваның
жылжымалы циркі ойын көрсете бас-
тады.

Программасының біржақты жасалуына
қарамастан цирктің алғашқы көрсеткен
ойындары петропавлдықтарда жақсы әсер
қалдырды. Артист Фурманов шар, сақи-
налы темір және басқа заттармен әрі же-
ңіл, әрі епті ойнайтындығын көрсетті. Аға
йынды Мухортовтар мен артистка Том-
скаяның орындауындағы пластикалық көр-
ністер жаттыққандықтарымен және ше-
берліктерімен көзге түседі. Михаил Пи-
кельный мен жас өспірім артист Вячеслав
Дубовый жаттыққандықтары мен төзімді-
ліктерін көрсетіп, ойындарымен жұртшы-
лықты қызықтыра білді.

Жас артист Леонид Антонов орындаған
өте қиын гимнастикалық жаттығулардың
шебер ойналғанына қала жұртшылығы
қатты разы болды. Ұзақ уақыт жаттығу-
мен қол жеткен батылдық, барлық қиы-
мылындағы шапшаңдық артистің ойынына
көрік беріп, оның еңбегін әсерлі, әрі же-
місті етті.

Артист Петр Рубинов ойынның програм-
масын пысық және орынды жүргізіп отыр-
ды. Оның репертуары саяси тақырыптар-
ға арналған күлкі және сықақтарға толы
болды. Әсересе, П. Рубинов Франко, Чай-
Кай-ши, де Голль және басқа бейбітшілік
пен демократияның жаулары жөніндегі
сықак фельетондарды шебер орындады.

Жақын күндерде труппаға цирк искус-

Социалистік меншікті көздің қара-
шығындай қорғау — ардақты борыш

Сталиндік Конституцияның 4-статья-
сында ССРО-ның экономикалық негізі —
шаруашылықтың капиталистік система-
сын жою, өндіріс құралдары мен құрал-
жабдықтарын жеке меншіктенуді жою,
адамды адам қанауын құрту нәтижесінде
бекіген шаруашылықтың социалистік
системасы және өндіріс құралдары мен
құрал- жабдықтарына социалистік мен-
шік болып табылады деп атап көрсетіл-
ген.

Социалистік меншік социалистік қо-
ғамның заңды экономикалық негізі, со-
циалистік меншікті қорғау мемлекетіміз-
дің өркендеу кезеңдеріндегі негізгі мін-
деттерінің бірі болғандықтан ол меншікті
талан- таражға салуға әрекеттенгендерге
қарсы әрқашан батыл күрес жүргізіліп
келеді.

Совет өкметі жылдарында, әсересе,
сталиндік бесжылдықтар кезінде еліміздің
еңбекшілері үнемшілдік тәртібін қатаң
сақтау, әрбір мекеменің, кәсіпорнының
жұмысын мұқият есепке алу және ба-
қылау, финан және жоспарлауды тәр-
тіпке енгізу нәтижесінде халықтың бай-
лығын бұрын соңды болып көрмеген дә-
режеде арттырды. Өз Отанының игілігі
үшін күресе отырып, еліміздің еңбекші-
лері халықтың тілегіне сай жауап бере-
тін ұлттық байлық жасады.

Міне, еңбекшілер осы байлықты, қо-
ғамдық мүлікті талан- таражға түсіру-
шілерге қарсы үкмет шығарған заңдар
негізінде күрес жүргізе отырып, әрқа-
шан да қорған келеді. Мәселен, совет
үкметінің 1932 жылғы 7 августа шы-
ғарылған заңы қоғамдық және мемлекет-
тік меншікті қорғауға бағытталған. Со-
нымен қатар, ол заң бойынша қылмыс-
тылар жазаланатын болса, екіншіден,
аталған заңның еңбекшілерді адалдыққа
және социалистік меншікті көздің қара-
шығындай сақтау ісіне тәрбиелеудегі

нең бауды көздеген сұғанақтарды қатаң
жазалауды көздейді.

Социалистік меншікті қорғаудың ма-
ңыздылығына толық түсіне тұрып, же-
келеген кәсіпорындары мен мекемелер-
дің, ұйымдардың басшылары өз аппарат-
тарында сұғанақтардың, ұрылардың бо-
луына жол береді, ашық ауыздыққа са-
лынады. Мұндай жағдай Мамлют аудан-
ындағы Калугин селолық тұтынушылар
қоғамында көп жыл бойына орын алып
келді. Аталған селолық тұтынушылар
қоғамында Королева, Капранова дегендер
үш жыл бойына мемлекет қаржылары
мен мүліктерін өздерінің бас пайдалары-
на жаратып келген. Ақыры олар 273
мың сом мемлекет қаржысын талан-та-
ражға салған. Сол сыяқты, Будаев
ауданындағы Чистов совхозы жұмысшы-
лар кооперациясының қойма меңгерушісі
Сафаров 118 мың сом, Октябрь ауданын-
дағы Степной совхозы жұмысшылар ко-
операциясында Корцешов, Бабич дегендер
92 мың сом мемлекет қаржысын өз пай-
даларына жұмсаған. Мұның барлығы
облыстық және аудандық тұтынушылар
одақтары тарапынан социалистік мен-
шікті қорғауға кезінде нақтылы бас-
шылық жасалмағандығын дәлелдейді.

Бұл қылмыстар кезінде ашылды, айып-
тылар жауапқа да тартылды. Алайда,
талан- таражға түскен мүліктер мен
қаржылар қалпына келтірілген жоқ. Мұ-
ның өзі аталған мекеме басшыларының
мемлекет мүлкін талан-таражға салушы
ларға ымыраншылдық жасап отырғанды-
ғын көрсетеді.

Кәзіргі уақытта әрбір кәсіпорнының
мекеме мен ұйымның басшылары, әрбір со-
вет азаматы социалистік меншікті қыра-
ғылықпен қорғауға ерекше назар аудары-
тын болуы керек. Әсересе, бүкіл совет хал-
қы коммунистік құрылыстың сталиндік
ұлы жоспарларын жүзеге асырып жатқан

жыл бойына кезекті сабақтардың өтпей салуына бірде-бір рет жол берілген жоқ. Әрбір сабақ идеялық-саяси жоғары дәрежеде өткізіліп отырылды.

Әсіресе, үйірме насихатшылары Жергов, Казакова, Мұхаметрахимов жолдас-

ген болатын. Кәзір осы шаралар негізінде әрбір үйірмеде жыл бойына өткен материалдарды пысықтау аяқталып келеді.

Дистанцияның партия ұйымы марксизм-ленинизм классиктерінің шығарма-

оқумен қамтылған коммунистер мен комсомолецтердің өткен материалдардан терең және тынақты білім алуына ойдағыдай көмектесті.

Н. ЕЛАМАНОВ.

бірқатар шаралар белгіленіп, жүзеге асырылды деп хабарлады.

Кәзір кітапхана Мәдениет үйіне орналасып, оның кітап қоры жаңа кітаптармен толықтырылған. Кітап оқушылар конференциясы өткізіліп тұратын болған.

меттен «байкамай» ат корейлік бір соғыс тұт не екінші соғыс тұтқын

БЕЛЬГИЯ ЕҢБЕЛ

БРЮССЕЛЬ, 3 июнь руж» газетінің хабарына гияда француз өкмет бырлығына қарсы жа митингтері мен жыйн. Бұл жыйналыстар мен нистік партияны және таушыларды қудалауға білдіруде. Синей (Намс

Сүт, май дайындау қарқынын күшейту керек

Большевиктер партиясы мен Совет үкіметі социалистік мал шаруашылығын өркендетуге, оның өнімділігін арттыруға, өйтпін, елімізде азық-түлік молшылығын және жеңіл өнер кәсібі үшін шикі зат молшылығын жасауға үздіксіз көңіл бөліп келеді.

Бірақ, Петропавл ауданындағылар партия мен үкіметтің алға қойған бұл сияқты аса маңызды міндеттерін толық жүзеге асыра алмай отыр. Мұнда мал шаруашылығы өнімдерін дайындау, оның ішінде, әсіресе, сүт, май дайындау ісі үлдем қанағаттанғысыз. Ауданда барлық секторлар бойынша мемлекетке сүт тапсырудың жартыжылдық жоспарының та күнге дейін тең жартысы да орындалған жоқ. Ал, колхоз бойынша жартыжылдық тапсырманың орындалуы 30 проценттен аз-ақ асады.

Сүт, май дайындау ісінің ойсыраған қылыққа ұшырауының себебі неде? Ол жұмысты ұйымдастыруға тікелей қатысы бар орындардың басшы қызметкерлері бұған әрқыйлы жауап береді. Олардың әрқайсысы өз кемшіліктерін таңдауға тырысып, кінәні бір-біріне тара салуды көздейді. Мәселен, аудандық май өндіру конторының бірқатар қызметкерлері: сүт, май дайындау ісіндегі төрекетсіздікке негізінен дайындау Ми-

нистрлігінің аудандық өкілі жауапты, өйткені, олар сыйырдан сүтті көп сауу, оны іле-шала мемлекетке тапсыру жөнінде колхоздарға нақтылы көмек көрсетпейді. Сүт, май дайындау графигінің орындалуын талап етіп отырмайды дейді.

—Сүт, май дайындау жөнінде біз қолдан келген шаралардың бәрін істеудеміз. Бірақ, бұған аудандық ауылшаруашылық бөлімі тарапынан көмек жеткіліксіз. Бөлім колхоздардан тапсырылған сүттің мәліметін алумен ғана тынып жүр. Ол колхоздарға адам жіберіп, олардағы сауылған сүттің дайындалысымен есепке алынып, оның тезінен мемлекетке тапсырылуын қадағалап отырмайды, —дейді дайындау Министрлігінің аудандық өкілі Шешуринов жолдас.

Аудандық Советтің жақында болған мәжілісінде мемлекетке сүт тапсыру мәселесі қаралды. Ол мәжілісте аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Шилов жолдас:

—Кемшілікті жоямыз, сүт тапсыру қарқынын күшейтеміз, —деді.

Шилов жолдас бұл сияқты құрғақ уәдені талай рет берген. Бірақ, оған ешқандай нәтиже болған емес. Өйткені, ол шаруашылыққа кабинетте отырып, басшылық жасайды. Жергілікті жердегі іс-

тің жайын жете білмейтіні де міне, осыдан.

Аудан басшыларының осындай маңызды іске жете мән бермей, оған нашар басшылық жасауы салдарынан колхоздардың көпшілігінде сүт тапсыру қарқыны өте баяу жүргізіліп келеді. Мәселен, Буденный атындағы ауылшаруашылық артелі үстіміздегі жылы мемлекетке 1457 центнер сүт орнына, 8 центнер ғана сүт тапсырған. Сол сияқты, Димитров атындағы колхозда да сүт тапсыру жөніндегі жоспар үш процент қана орындалды. Фурманов атындағы және «Красный пахарь» колхоздарында да жағдай дәл осы сияқты.

Соңғы бескүндікте аудандағы 13 колхоздан сүт тапсыруға 7-ақ колхоз қатысты. Мұның өзі сүт тапсыру жөніндегі бескүндік графигінің орындалмай қалуына әкеліп соқты. Сүт дайындау жұмысының бескүндік графигі сүт тапсыруға қатысқан колхоздарда да толық орындалған жоқ.

Осының барлығы дайындау Министрлігінің аудандағы өкілі Шешуринов, аудандық май өндірісі конторының басшысы Попов жолдасардың сүт, май дайындау ісін дұрыс ұйымдастыра алмауынан, оған немқұрайды қарауынан болып отыр. Осымен қатар, аудандық Совет атқару комитеті де сүт, май тапсыру ісімен жете шұғылданбай келеді.

Бірқатар жерлерде алынған сүттің тінгі орынсыз жұмсалыуына, оның талан-таражға түсуіне жол беріліп отыр. Жамбыл атындағы және «Қазақстанның 30

жылдығы» колхоздарында жыл басынан бері сауылған сүттің көбі мемлекетке тапсырылмай талан-таражға түскен, бас пайдасына жұмсалған. Осы сияқты Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінде де сауылған сүт кіріске алынбай ретсіз жұмсалған. Осы себептермен бұл колхоз да сүт тапсыру жоспарын орындай алмай отыр. Мұнда сүт дайындауға күні бүгінге дейін ешқандай бақылау жасалып отырған жоқ.

Қысқасы, ауданда сүт дайындау жұмысының баяу жүргізілуіне осы жағдайлар себепші болып отыр. Аудан басшылары сүт, май дайындаудағы жоғарыдағыдай төзбестік жағдайлар көз алдарында болып жатса да, күні осы уақытқа дейін оларды жою жөнінде шұғыл шаралар белгілемей келеді.

Үлкен кемшіліктің бірі —колхоздарда сауын сыйырлардың сүттілігін арттыру жолындағы күрестің жеткіліксіз жүргізіліп келе жатқандығында болып отыр. Бірқатар шаруашылықтарда мал жайылымдары дұрыс пайдаланылмайды, сауын сыйырларды түнде бағу да ұйымдастырылмай келеді.

Сүт, май дайындау —мемлекеттік маңызы зор іс. Петропавл ауданының партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық, дайындау мекемелері мұны жете түсініп, бұл жұмыстағы кемшіліктерді бағыл жоюға, сөйтіп, сүт тапсыру жоспарының барлық секторлар, әсіресе, колхоздар бойынша толық орындалуына жетісулері керек.

С. ЛЕНКЕРОВ.

Петропавл қаласы. Теңіз уйде тұрушы Екатерина Шепелева Александр Игнатовпен айрылатыны жөнінде Іс Солтүстік Қазақстан қаралады.

«УДАРНИК» кино

Бүгін және күн сайын

«УМЫТЫЛМАС 19

Сеанстар сағат 6-8-10

ЕҢБЕК РЕЗЕРВТЕ 1952 — 1953

Училище газет тоқарылар, жабдық құрастыру жөніндегі

Оқу мерзімі екі бітірген 15 жастан 1 Училищеге қабылдануы қамтамасыз етіледі.

Өтініштер 1952

Өтініштермен бірге куәлігі, білімі туралы анықтамасы және 3 Училищенің адр

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе